

«КЕЛІСІЛДІ»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
физика – математикалық лицейі»

КММ директорының м.а.

Б.А. Житчаева



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің физика – математикалық лицейі" КММ 2022 жылғы 3 тоқсандағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы аналитикалық анықтама

Қостанай қаласы

30.09.2022ж.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығын іске асыру мақсатында және "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің физика – математика лицейі" КММ директорының 19.09.2022 ж. № НҚ-113-03 бұйрығы негізінде 2022 жылғы 26 қыркүйек пен 2022 жылғы 30 қыркүйек аралығында Қостанай облысы білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің физика – математика лицейі" КММ (бұдан әрі – физика – математика лицейі) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

1. «Жұмыскерлерді басқару»

Қостанай облысы білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика – математикалық лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде еңбек функциялары келесі қызмет бағыттары бойынша жүзеге асырылады: әкімшілік қызмет, педагогикалық қызмет, шаруашылық қызмет.

Өз кезегінде басқару қызметі келесі бағыттардағы басқару функциялары арқылы жүзеге асырылады: оқу жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмыс, дарынды оқушылармен жұмыс, тәрбие жұмысы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Ұжымның штаттық құрамы 112 адам, оның ішінде 71-і мұғалім, 42-сі - техникалық персонал.

Ұжымның нақты штаты 109 адам, оның ішінде 71-і мұғалім (5 мұғалім бала күтім демалысында) және 38 адам -техникалық персонал(1 адам бала күтім демалысында)

Бүгінгі күні **3 бос жұмыс орны бар: аула сыпырушының 2 бірлігі және Мемлекеттік сатып алу бойынша бухгалтер – 1 орны бос.**

Физика-математикалық лицейі қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, қызметкерлер құрамының орташа жасы **45-ті** құраса, мұғалімдер құрамының орташа жасы **41**, техникалық персонал құрамының орташа жасы **53-ке** тең екендігін ескерту қажет. Барлық зейнеткер жасындағы қызметкерлер-**10**, оның ішінде **мұғалім-4**, техникалық персонал-**6** адам. Зейнетке дейінгі жастағы жұмысшылар(жасына байланысты зейнеткерлікке шыққанға дейін 2 жылдан кем): **3** адам, оның ішінде мұғалім-**0**; техникалық персонал - **3** адам.

Ұжымның ұлттық құрамы бойынша 23,8% қазақ, 2,7% татар, 0,9 % башқұрт, 0,9% чуваш, 0,9% молдаван, 44,0% орыс, 21,1% - украин, 5,5% - беларус.

Оның ішінде **мұғалімдер** ұлттық құрамы: қазақ - 26,7%, татар - 4,2%, чуваш- 1,4%, молдаван- 1,4%, орыс - 36,6%, украин - 22,5%, беларус - 7%;

Техникалық персоналдың ұлттық құрамы: қазақ- 21%, башқұрт- 2,6%, орыс- 57,8%, украин - 15,8%, беларус - 2,6%.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында **жұмыстан босатылғандар** – өз еркімен 4 педагог **жұмысқа қабылданғандар** - 2 педагог, **ғимаратқа қызмет көрсететүші жұмыскер-1**

Лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында 2022жылдың 3 тоқсанында **2** адам біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, біз физика-математика лицейі ұжымының мүшелері 2022 жылдың біріншіжартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

Бос жұмыс орындарының болуы туралы ақпарат www.enbek.kz мекенжайы бойынша ҚР Еңбек биржасының электрондық порталында «Физика-математика лицейі» КММ жеке кабинетінде уақтылы орналастырылады.

Жалпы, физика-математика лицейі ұжымының қызметі лауазымдық функциялар мен қойылған міндеттерді іске асыруға бағытталған, осы бағытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. «Мүдделер қақтығысын реттеу»

Физика-математика лицейінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. «Мемлекеттік қызмет көрсету»

Қазіргі уақытта Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика – математикалық лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 6 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Бастауыш, негізгі орта, білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» (маусымнан тамызға дейін).
2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» (2020 жылғы шілдеден бастап).
3. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру».
4. «Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларға үйде жеке тегін білім беруді ұйымдастыруға құжаттар қабылдау».
5. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына ақысыз және төмендетілген бағамен тамақ беру үшін құжаттар қабылдау».
6. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала маңындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалысты қамтамасыз ету үшін құжаттар қабылдау және бағыттар беру».

2022 жылғы 01 шілдеден 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейі» КММ-не мемлекеттік қызмет көрсетуге 52 өтініш келіп түсті

– 51 қызмет көрсетілді: Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы-0 ведомстволық бағынысты портал арқылы school.kst-goo.kz ("Сакура") - 50 (98%), Электрондық Үкімет порталы арқылы egov.kz – 1 (2%), қағаз түрінде-0

Мемлекеттік қызметтерге жауапты адамдар ай сайын көрсетілген мемлекеттік қызметтердің есебін жүргізеді және осы ақпаратты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жібереді.

Мемлекеттік қызметтерді ұсыну және олардың сапасын жақсарту мәселелері тоқсан сайын «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейі» КММ директорымен кездесуде қаралады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейі» КММ сайтында мемлекеттік

қызмет көрсету бойынша ақпарат үнемі жаңартылып отырады, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің ережелері мен стандарттары орналастырылған.

Лицейде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Барлық мемлекеттік қызметтер Регламентте көрсетілген тиісті уақыт шеңберінде көрсетілді. Қызмет алушылар тарапынан шағымдар жоқ.

4.«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

Физика – математикалық лицейі рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

5.«Бақылау функцияларын іске асыру»

Физика – математикалық лицейі бақылау функцияларын орындамайды.

6. «Мектептің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2022 жылғы 01 шілдеден 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейі» КММ жеке тұлғалардан 17 өтініш түсті, оқушылардың ата-анасынан баланы түрлі себептермен сабақтан босату туралы өтініш түстібарлығы -17.

Барлық өтініштер қаралып, қанағаттандырылды. Шағымдар жоқ.

Лицейде бекітілген номенклатура бар, құжат айналымы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келеді: ҚР БҒМ 06.04.2020 жылғы № 130 бұйрығына және ҚР Үкіметінің 31.1.2018 жылғы № 703 қаулысына сәйкес мөрлерді, елтаңбалық бланкілерді және басқа да құжаттарды қатаң есепке алу жүргізіледі.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2022жылдың 3 тоқсанында "ФМЛ" КММ **4 Мемлекеттік сатып алу жүргізілді 1387600,0 теңге сомасына** , осы бағытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс ұйымдастырылды:

- <http://fmlkost.edu.kz> / мектеп сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі жұмыс істейді.

- «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілді тағайындау туралы» 14.09.2022 ж. № НҚ-110-07 бұйрығы шығарылды (Житчаева Б. А., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары);

– Физика-математика лицейінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (15.09.2022 ж. № НҚ-111-03 от, 1-қосымша) әзірленіп, бекітілді, онымен мектептің барлық қызметкерлері танысты;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты физика-математикалық лицейінің ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде орналастырылған.

- Физика-математикалық лицейінің этика кодексі әзірленіп, 15.09.2022 жылғы № НҚ-111-04 бұйрығымен бекітілді, мектептің барлық қызметкерлері танысты;

- Физика-математикалық лицейінің ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінде» Этика кодексі орналастырылған
- Физика-математикалық лицейінің ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінде» 2022-2023 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс жоспары әзірленіп, бекітіліп орналастырылған.

- педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылды (08.01.2021 жылғы № НҚ-02-04 бұйрық), оның мүшелері ҚР БҒМ 11.05.2020 жылғы № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын бұзу жағдайларына жол бермеу бойынша педагогтармен түсіндіру, алдын-алу жұмыстарын жүргізеді, Кеңестің жұмыс жоспары бекітілді;

- «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмысын жалғастыруда, оның мүшелері - лицейдің жоғары сыныптың 10 оқушысы (01.09.2022 ж. № НҚ-01.09.2022)

- ай сайын 1-11 сынып оқушылары үшін парасаттылық сабақтары өткізіледі (сабақ материалдары лицейдің сайтында және мектептің Инстаграмдағы парақшасында орналастырылған);

- мектеп сайтында " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл "бөлімінде" ФМЛ "КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы аналитикалық анықтамалар орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейі» КММ-нің педагог қызметкерлері 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» ҚР Заңын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын, 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп туралы» ҚР БҒМ бұйрығын сақтасын.

2. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты болып ҚР «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңын, ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158, 12.10.2018 № 564 (2020 жылғы 24 сәуірдегі №264, 2020 жылғы 17.07. № 305, 2020 жылғы 07.08. №332), 2020 жылғы 27.05. №223, 2020 жылғы 27.05. 28.01.2015 №39 (04.05.2020 жылғы №172, 06.01.2021 жылғы №2 өзгерістермен), 12.11.2021 №561.


3. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейі» КММ басшысы ұжым мүшелерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін:

Жұмыс тобының төрағасы



Салимов А.Б.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:



Дирр О.Ю
Султанова А.С.